

ҚАЗАҚ - ФРАНЦУЗ ТІЛДЕРІНДЕГІ МЕЗУРАТИВТЕРГЕ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТ

Қарымсақова Қ.

МА, Сүлейман Демирел атындағы университет, Алматы қ, Қазақстан
memoire-katira@mail.ru

Қазақ халқы көшіп - қонып, көшпенділік дәуірді ұзақ уақыт басынан өткізгендігі белгілі. Жаз жайлауда, күз күзекте, қыс қыстауда бірден бірге көшіп - қонып жүргенде, біздің халқымыз уақытты сағатпен, көлеммен өлшеуге әлі онша да дағдыланбаған, үйренбеген. Бәлкім, ол кезде бұл өлшемдердің көшпенділік тұрмысқа сондайлық қажеті де болмаған шығар. Қалай дегенмен, сол уақыттың тұрмыс тіршілігіне лайық өз өлшемдері болғандығын тілдегі сөз қорының бай материалдарынан танып білуімізге болады. Қазақ тілінде өлшемдік ұғымдар жайлы қыруар сөздер мен тұрақты сөз тіркестері сақталған. Бұл жайында Ж..Ш. Ахметованың «Казахские народные наименования понятий об измерениях» еңбегінде құнды мәліметтер көп.

Уақыт мерзім өлшемдері. Өткен заманда қазақтар уақытты сағатпен нақтылап өлшемегенімен, секунд, минут, сағат сияқты уақыт өлшемдерін шамамен дәл болжай білген. Мәселен, секунд ұғымын: қас қағым, кірпік, қабақ қаққанша, көзді ашып жұмғанша, демнің арасында, табан астында деген дене мүшелерінің қимыл қозғалысы арқылы білдірген.

Минут пен сағатты: бие сауым, сүт пісірім, шай қайнатым, ет асым, - сияқты нақтылы мөлшерлі уақытпен көрсеткен. Осы фразеологиялық тіркестер сағат болмағанымен, сағаттың орнына жүрген.

Адамдар белгілі құралсыз – ақ уақыт мерзімін дұрыс ажырата білген. Уақыт өлшемдері табиғаттың мәңгілік қоймасында сақталған. Бұлар халық біткеннің бәріне ортақ болған. Тәулік пен жыл ішіндегі мерзімдерді нақтылап дәл айыру үшін қазақ халқы Ай, Күн, Шолпан, Жеті қарақшы, Үркер, Темірқазық, Есекқырған тәрізді толып жатқан аспан денелерін молынан пайдаланған. Олардың тәулік бойындағы айлық, жылдық қимыл – қозғалыстарын қадағалап отырған. Соның нәтижесінде, халық Жердің Күн орбитасымен шыр көбелек айналып жүретіндігіне, оның дінгегінде бір айналғаны бір тәулік болатындығына көз жеткізген.

Қазақ халқының астрономия жайындағы ұғымдарын ғылыми жүйеге келтіріп, ондаған еңбектер жазған белгілі ғалым Хасен Әбішевтің пікірі бойынша, қазақтың бұрынғы сағаты Жеті қарақшы болған. Ол батпайды, тек шыр айналып жүреді. Оның төңірегіндегі, түн ортасындағы, таң алдындағы орны жыл мезгілдеріне қарай әр қилы келеді.

«Көшпенділер байтақ далада жол табуды, жыл мезгілдерін айыруды, мал төлдету, бие байлау, күзем қырку, күйек алу мерзімдерін білуге мәжбүр болған». (М.Исқаков. Халық календары, Алматы, 1980, 200 – бет).

Аспан денелерінің әрбір қозғалысын мал баққан қазақ жақсы таныған. Сол арқылы таң, күн, түн мезгілдерін айнытпай, дұрыс ажыратып отырғандығын тілдегі қалыптасқан сөз тіркестері де айқын дәлелдеп береді. Мәселен, таң мезгілін үркер туа, үркер төбеге келгенде, үркер жерге түспей десе, біреулер мұны Жеті қарақшы арқылы білдіреді. Ал француздар «таң» мағынасын «au premier chant du coq» яғни, әтептің шақыруымен береді. «Қараңғы» деген мағынаны білдіру үшін «Entre loup et le chien» Қараңғы түнде «қасқыр мен итті» айыруға мүмкін болмайтын сәт. Бұл өлшем мағыналарын француздар әтеп, ит, қасқыр сияқты жануарлармен мысал келтіріп отыр.

«A vol d’oiseau» - très long – өте алыс. Француздар алыс мағынасын «құс ұшып бара алатын жер» деп құсты қолданса, қазақ халқы «ат шаптырым, тай, құнан шаптырым жер» деп жануарларды қолданып жатады.

Қазақ тілі «ә дегенде, әп сәтте» деген ұғымын «көзді ашып жұмғанша», «қас пен көздің арасында», «кірпік қаққанша» деген сөз тіркестермен берсе, француз тілі «En un clin d’oeil», «En un battre des cils» сөз тіркесін қолданып, «көзді ашып - жұмғанша, қас қағымда» сөз тіркестеріне дәлме - дәл келеді. «Әп сәтте», «ә дегенше» ұғымдарын білдіру үшін француз тілі «En un tour de main» яғни «қолды бір сілтегенде»

«En (une) deux enjambée(s)» – «бір отырып тұрғанда», «бір тізе бүккенде», деген сөз тіркестерін қолданады. Егер қазақ халқы «жақын», «таяу» ұғымдары үшін «Иек астында» сөз тіркесін қолданса, француз халқы «Sur la moustache», «sur le nez» яғни мұрын, мұрт үстінде сөз тіркестерін қолданады. Қазақ халқы «жақын», «таяу» ұғымдары үшін «қарыс аттам жер», «бір адым жер» сияқты сөз тіркестерін қолданса, француз халқы дәл осы ұғымды білдіру үшін «A deux

pas », « à trois pas », « à cinq pas » - «бұл жерден екі кадам», «үш кадам» сөз тіркестері арқылы түсіндіреді.

«Ұзақ», «алыс» ұғымдары үшін қазақ тілі «Құлақ естімес жер», «көз жетпес жер» деген сөз тіркестерін қолданса, француз тілі « A la perte de vue » «көзден таса болған сәтте» дейді. Сонымен қатар, екі тілдегі мезуративтерді зерттей отырып қызық жәйттарға тап болдық. Егер қазақ тілі «жақын», «таяу» ұғымдары үшін «Дауыс жетер жер» сөз тіркесін қолданса, француз тілі де дәл осы ұғымды білдіру үшін «A la porte de la voix » яғни « дауыс жетер жер». «A la porte de la main » - бұл сөз тіркесі қазақ тілінің «қол созым жер» ұғымына дәл келеді . «Шай қайнатым, бір шай ішім уақыт», « бір ет асым уақыт», «бір сүт қайнатым уақыт» деп қазақ халқы өлшемдік ұғымды білдіру үшін шай, ет, сүт сөздерін қолданса, француз халқы да «A l'heure du laitier », яғни «сүтшінің уақыты» деп тілде «сүт» сөзі көрініс табады. Мезуративтік ұғымды білдіруші сөз тіркестері –ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрініс тапқан. Мезуративтік ұғымды білдіруші сөз тіркестер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Бұл сөз тіркестерде өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалған. Мезуративтік ұғымды білдіруші сөз тіркестері өткен өмірме әдет ғұрыпты бейнелейді. Бұл сөз тіркестер халықтың көкірегінде сақталып келе жатқан дүние және бір замандағы күнделікті қарапайым тіршіліктің, құбылыстың, шаруашылықтың нәтижесі ретінде қалыптасқан тілдегі көрініс. Олар бара бара тұрақтылып, мағыналық өзгерістерге ұшырауы салдарынан этнофразеологизм дәрежесіне көтерілген. Бұл сөз тіркестерінің дүниеге келуі о баста малға, аңға, өсімдіктерге, аспан әлеміне, табиғат құбылысына байланысты болса да бүгінде бәрі айналып келіп адамдардың жүріс - тұрысына, мінез – жақсы - жаман қасиетіне, ішкі - сыртқы қасиетіне бағытталған.

Summary

In this article we compare idioms of Kazakh and French languages, which determine measure with the help of human's body and animal world and general worldview of two different cultures. These idioms help us to glance better at the outlook on the world and the spirit of these two nations.